



**БЕКІТЕМІН**

**«ОКМА» АҚ ректоры**

**М. Рысбеков**

**2020 ж.**



**ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ  
Е 044/46І-2020**

Күні	Көшірме	Басылым
		бірінші

**Шымкент**



Кадрлық қызмет бөлімі

Е 044/461-2020

Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже

Бас №1

15 беттің 2 беті

**1 «ОҚМА» АҚ КАДРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЛІМІ ӘЗІРЛЕП, ЕНГІЗДІ**

Хаттама № 2 28.10 2020 ж.

**2 «ОҚМА» АҚ ҒЫЛЫМИ Кеңес шешімімен КЕЛІСІЛДІ**


хаттама № 3 28.10 2020 ж.

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл



## МАЗМҰНЫ

1.	Жалпы ережелер	4-5
2.	Нормативтік сілтемелер	5
3.	Терминдер, анықтамалар, белгілер мен қысқартулар	6
4.	Профессорлық-оқытушылық құрамды және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу ережелері	6-11
5.	Әкімшілік-басқару құрамын, қызмет көрсету және оқу-колекші персоналын жұмысқа қабылдау ережелері	11-13
6.	Басқа (қосымша, толықтырылған, басқа) ережелер	13-14

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже	Е 044/461-2020 Бас №1 15 беттің 4 беті	

## **1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Осы «ОҚМА» АҚ Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже» (бұдан әрі – «Ереже») 2019 ж. 05.01. «ОҚМА» АҚ ректоры бекіткен «Профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарын конкурстық ауыстыру Ережелеріне» және 2020 ж. 01.10. «ОҚМА» АҚ ректоры бекіткен «Әкімшілік-басқарушылық және қызмет көрсететін персоналдың лауазымдарының біліктілік сипаттамалары және жұмысқа қабылдауға қойылатын талаптарға» сәйкес «ОҚМА» АҚ ПОҚ және ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын конкурстық ауыстыру тәртібін, шарттарын анықтайды.

Сонымен қатар бұл «Ереже» «ОҚМА» АҚ келесі санаттардағы қызметкерлерді жұмысқа қабылдау тәртібін анықтайтын «ОҚМА» АҚ-ның нормативтік құжаты болып табылады:

- 1) профессорлық-оқытушылық құрамы;
- 2) әкімшілік-басқару персоналы және қызмет көрсететін персонал;
- 3) оқу-комерсті персоналды.

1.2 Ереженің негізгі мақсаты – «ОҚМА» АҚ ұйымшыл, жауапты, жоғары дамыған және өнімділігі жоғары ұжым құру үшін жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету, кадрларды тиімді мақсатты басқару арқылы бос жұмыс орындарының уақтылы және сапалы толтырылуын қамтамасыз ететін жүйені қалыптастыру.


1.3 Ереженің негізгі міндеттері:

- 1) «ОҚМА» АҚ персоналының әлеуетін сақтау және дамыту;
- 2) жастардың кәсіби өсуінің тиімді жүйесін ұйымдастыру, мансаптық жоспарлау мақсатында талапкерлерді таңдау;
- 3) кадрлық резервті қалыптастыру мақсатында кадрларлық қажеттілікті ұзақ мерзімді жоспарлау жүйесін қалыптастыру және қолдау;
- 4) педагогикалық, әдістемелік және басқа салалардағы кадрларға қажеттілікті болжау механизмін әзірлеу, әр түрлі мекемелерде кадрларды дайындау көлемін жоспарлау;
- 5) «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің қызметін ынталандыру жүйесі мен механизмдерін әзірлеу.

1.4 Осы Ереже «ОҚМА» АҚ-на жұмысқа қабылдаудың келесі формаларын анықтайды:

- конкурс бойынша еңбек шартын жасау арқылы;
- еңбек шарты бойынша.

1.5 Еңбек шартын жасау арқылы конкурс бойынша сайлауға «ОҚМА» АҚ Ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге арналған лауазымдардың біліктілік сипаттамалары және жұмысқа қабылдауға қойылатын талаптарға» сәйкес келетін жоғары немесе жоғары оқу орнына кейінгі білімі бар, оқыту бағытындағы білім беру бағдарламасының пәндеріне, оның ішінде олардың білімінің сәйкестігін және/немесе ғылыми / академиялық дәрежесі мен/немесе атағы бар, оқытылатын пәндердің профиліне сәйкес ПОҚ және ғылыми қызметкерлер қатыса алады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b>	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/461-2020	
Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже	Бас №1 15 беттің 5 беті	

1.6 Конкурстық сайлау рәсімінсіз еңбек шарты келесі санаттағы қызметкерлермен жасалады:

1) Профессорлық-оқытушылық құрам:

- қосымша немесе сағаттық төлемақы шартымен жұмыс істейтін ПОҚ;
- «ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің оқытушылары;
- уақытша жұмыста болмаған қызметкерді ауыстыру кезінде қабылданғандар;
- жүкті әйелдер (міндетті түрде жүктілік туралы анықтаманың болуы);
- зейнет жасындағы ПОҚ.


2) Әкімшілік-басқару қызметкерлері және қызмет көрсету персоналы.

3) Оқу-көмекші персоналы.

## 2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, № 414-V 2015 ж. 23 қараша (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, № 319 2007 ж. 27 шілде (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қары күрес туралы» Заңы, № 410-V 2015 ж. 18 қараша (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы, №94-V 2013 ж. 21 мамыр (кейінгі өзгерістер мен толықтырулар);
- ҚР Білім және ғылым Миністрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері» туралы № 595 бұйрығы, 2018 ж. 30.10.;
- «ОҚМА» АҚ ректоры бекіткен «ОҚМА» АҚ Профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарын конкурстық ауыстыру Ережелері» 2019 ж. 05.01.;
- «ОҚМА» АҚ ректоры бекіткен «Ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің лауазымдарының біліктілік сипаттамалары» және «ОҚМА» АҚ жұмысқа қабылдау талаптары» 2019 ж. 21.03.;
- «ОҚМА» АҚ ректоры бекіткен «Әкімшілік-басқарушылық және қызмет көрсететін персоналдың лауазымдарының біліктілік сипаттамалары және жұмысқа қабылдауға қойылатын талаптар» 2020 ж. 01.10.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/461-2020
Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже	Бас №1 15 беттің 6 беті

### **3 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

«ОКМА» АҚ	- «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы,
ӘБП	- әкімшілік-басқарушы персонал,
КК	- конкурстық комиссия,
ККБ	- кадрлық қызмет бөлімі,
ҚҚП	- қызмет көрсету персоналы,
ҚР	- Қазақстан Республикасы,
ОКП	- оқу-көмекші персоналы,
ПОҚ	- профессорлық-оқытушылық құрам,
СМЖ	- сапа менеджментінің жүйесі.

### **4 ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШАЛР ҚҰРАМЫ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЛАУАЗЫМДАРЫНЫҢ БОС ОРЫНДАРЫНА КОНКУРС ОТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

4.1 ПОҚ қызметкерлеріне кафедра меңгерушісі, профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы, ассистент қызметтері жатады.

4.2 Конкурстық ауыстыруға ПОҚ және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдары жатады.

4.3 «ОКМА» АҚ-да жұмыс істейтін және осы Ережеде белгіленген мерзімде конкурс бойынша іріктелмеген адамдар, сондайақ конкурсқа қатысуда өтінім бермеген адамдар еңбек келісім-шартының аяқталуына байланысты жұмыстан босатылады.

4.4 ПОҚ лауазымын конкурстық ауыстыру «Ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге арналған лауазымдардың біліктілік сипаттамалары және жұмысқа қабылдау талаптарына» сәйкес өткізіледі.


4.5 ҚР «Білім туралы» Заңының 51 бабының 1 т., 1), 2) тш. және 5 т. сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушысы кәсіби қызметіне келесі тұлғалар жіберілмейді:

1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагог қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылғандар;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз адамдар немесе қабілетсіз деп танылғандар.

4.6 Оқу үдерісін саяси үгіт, діни үгіт-насихат мақсаттарында пайдалануға немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келетін әрекеттер жасауға итермелеуге тыйым салынады.

4.7 ПОҚ қызметкерлері лауазымдарының конкурстық ауыстырылуы ректор өзі белгілеген мерзімге, бірақ бір жылдан кем емес мерзімге еңбек шартын жасау арқылы жүзеге асады.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/461-2020
Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже	Бас №1 15 беттің 7 беті

4.8 Кафедраларды біріктіру және бөлу кезінде профессорлық-оқытушылар құрамының кезектен тыс сайлауы өткізілмейді.

#### 4.9 Конкурс туралы хабарландыру

«ОҚМА» АҚ-да ПОҚ және ғылыми қызметкерлер лауазымдарына бос орын болған жағдайда, кадрлық қызмет бөлімі ҚР барлық аумағында таралатын мерзімді басылымдарда, интернет-ресурстарда (<http://ukma.kz/ru/>), Ф044/453-01-2019 сәйкес құжаттарды қабылдау мерзімінің аяқталуына дейін 30 күнтізбелік күн бұрын, конкурс өткізу туралы хабарландару жариялайды.

Конкурс өткізу туралы хабарламада келесі ақпарат болуы керек:

- жоғары оқу орнының атауы мен орналасқан жері, мекен-жайы, телефон номері, академия сайты (<http://ukma.kz/ru/>);

- ПОҚ және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарының атауы;

- құжаттарды қабылдау және қабылдау аяқталатын күні мен уақыты.

Хабарламада Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қосымша ақпарат болуы мүмкін.

Бос лауазымдарға орналасуға конкурсқа өтінім берудің соңғы мерзімі хабарландыру жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмейді.

«ОҚМА» АҚ конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты лауазымды адамның өтінімді қабылдаудан бас тартуы өтініш беруші ұсынған құжаттар осы Ережелерге сәйкес келмеген жағдайда немесе өтінімді беру мерзімі бұзылған жағдайда орын алуы мүмкін.

#### 4.10 Конкурстық комиссияны құру

ПОҚ және ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын ауыстыруға арналған конкурстық комиссияны» саны (бұдан әрі – конкурстық комиссия), оның жек құрамы және өкілеттік мерзімдері «ОҚМА» АҚ ректорының тиісті бұйрығымен анықталады және бекітіледі.

Конкурстық комиссия конкурсты өткізудің формасын, рәсімдерін, мерзімдерін анықтайды, конкурстық құжаттаманы талдайды, конкурс нәтижелері бойынша шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның негізгі міндеттері:

- конкурсқа қатысуға барлығына тең мүмкіндіктер беру;

- конкурсқа қатысушылар арасында әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету;


- конкурсты өткізудің объективтілігін, жариялылығын сақтауды бақылау;

- конкурстық комиссия отырысының кестесін анықтау;

- конкурстық құжаттаманы талдау;

- конкурс нәтижелері бойынша шешім қабылдау.

Конкурстық комиссия келесі құрамда құрылады: конкурстық комиссияның төрағасы – проректор, төрағаның орынбасары – проректор немесе құрылымдық

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/461-2020
Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже	Бас №1 15 беттің 8 беті

бөлімнің басшысы, хатшы – штаттық қызметкер және комиссия мүшелері, кем дегенде үш адам (академияның штаттық оқытушылары немесе ғылыми қызметкерлері арасынан), кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі, құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің өкілі.

#### **4.11 Конкурса қатысушылардың құжаттарын қабылдау және қарау**

Конкурса өтінім берген адамдар, оның ішінде «ОҚМА» АҚ-ның ПОҚ және ғылыми қызметкерлері қатарынан қызметкерлер қатыса алады, төмендегілерді қоспағанда:

- қосымша және сағаттаық төлемақы шартымен жұмыс істейтін қызметкерлер;

- уақытша жұмыста болмаған қызметкерді ауыстыру кезінде қабылданғандар;

- жүкті әйелдер (міндетті түрде жүктілік туралы анықтаманың болуы);

- зейнет жасындағы қызметкерлер.

Конкурса қатысуға ниет білдірген адамдар «ОҚМА» АҚ ректорының атына өтініш береді. Отінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

1) жеке есепке алу парағы;

2) өмірбаян;

3) жоғары білім, академиялық және ғылыми дәрежелер туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат және тексеру үшін түпнұсқалары;

4) соңғы 5 жылдағы қайта даярлау, педагогикалық және мамандандырылған біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) (салыстыру үшін түпнұсқалары);

5) ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (бар болса);

6) ПОҚ бос лауазымдарына орналасуға арналған білім беру бағдарламасының немесе ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасуға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жобасының (электронды түрде, 10 слайдтан аспайтын) жобасының таныстырылымы;

7) соңғы 5 жылдағы ғылыми-педагогикалық қызмет туралы есеп.


Конкурса алғаш рет өтініш білдірген қатысушылар үшін келесі сертификаттар ұсынылуы керек:

8) №086 формадағы медициналық анықтама, ҚР Денсаулық сақтау Министрінің м.а. 2010 ж. 23.11. №907 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №6697 болып тіркелген);

9) ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам туралы берген жазбалар туралы мәліметтердің бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама;

10) «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшаға сәйкес форма бойынша конкурса қатысушының тіркелмегендігі туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы;



QNTÜSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/461-2020
Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже	Бас №1 15 беттің 9 беті

11) «Жүйке-психиатриялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік корсетілетін қызмет стандарттарының 1-қосымшаға сәйкес форма бойынша тіркелмегендігі туралы жүйке-психиатриялық ұйымнан анықтама;

12) ағылшын тілін білу деңгейін растайтын сертификаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат ұсынуға құқылы (ғылыми жарияланымдар тізімі, алдыңғы жұмыс орны басшыларының ұсыныстары және т.б.).

#### 4.12 Конкурс бойынша іріктеу тәртібі

Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:

1 Конкурсқа қатысушылар – үміткерлердің өтініштерін қарау.

2 Конкурс өткізу туралы шешім қабылдау.

3 Конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдау және тіркеу (комиссия хатшысы).

4 Конкурсның өткізілетін күіі мен орнын анықтау.

5 Комиссия отырысын ұйымдастыру.

6 Конкурсның қорытындысын шығару.

Қажетті құжаттарды хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін тапсырған адамдар конкурсқа қатысушылар болып табылады.

«ОҚМА» АҚ-да ПОҚ және ғылыми қызметкерлері лауазымындарына конкурс сұхбаттасу түрінде үміткерлердің қызметінің нәтижелерінің аналитикалық жалпыламалауы негізінде өткізіледі. Сонымен қатар, бейінді пәндер кафедраларының меңгерушілері – білім беру бағдарламасы жобасы бойынша презентация, ал жалпы білім беру және базалық пәндер кафедраларының меңгерушілері – модульдік оқу жоспары жобасы бойынша презентация, ғылыми қызметкерлер – ғылыми-зерттеу жұмысының жобасын ұсыну қажет.


Сұхбаттасу кезінде үміткердің білім деңгейі, кәсіптік деңгейі, әр лауазымға қойылатын сипаттамаларға сәйкес, анықталады.

Сұхбаттың мақсаты – жоғары оқу орнының біліктілігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, үміткерлердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау.

Сұхбаттасу нәтижелері Ф044/8-453-04-2019 сәйкес бағалау парағына енгізіледі.

Осыдан кейін конкурстық комиссия профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасуға конкурстық іріктеу бойынша ашық немесе жасырын дауыс беру туралы шешім қабылдайды.

Ашық дауыс беру кезінде конкурстық комиссияның шешімі бағалау парағының нәтижелері бойынша конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Онтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/461-2020
Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже	Бас №1 15 беттің 10 беті

Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің қатысуымен заңды болып саналады.

Талқылаудың барысы және конкурстық комиссия қабылдаған шешім хаттама түрінде ресімделеді, оған конкурстық комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы қол қояды. Ерекше пікірі бар конкурстық комиссия мүшелері, егер олар білдірсе, оны хаттамаға жазбаша түрде қоса тіркеледі.

Жасырын дауыс беру жағдайында конкурстық комиссия лауазымға іріктеу бойынша жасырын дауыс беру үшін кандидатты бюллетеньге енгізу туралы шешім қабылдайды. (бұдан әрі – Бюллетень).

Кандидатпен келісу немесе келіспеу әр кандидаттың атына қарама-қарсы «келісемін» немесе «келіспеймін» сөздерімен белгіленеді. Бір лауазымға екі немесе одан да көп үміткер конкурстық іріктеуге қатысқан жағдайда бірде-бір тегі сызылып тасталмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.

Дауыстарды санау үшін конкурстық комиссия жасырын дауыс беру басталғанға дейін комиссияның кемінде үш мүшесінен тұратын конкурстық комиссияның арасынан есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әр үміткерге дауыс беру нәтижелерін жариялайды. Есеп комиссиясының хаттамасын конкурстық комиссия бекітеді және конкурс материалдарына қоса беріледі.

Конкурс кезінде конкурстық комиссияның шешімі оның мүшелерінің кемінде 2/3 болігі дауыс беруге қатысқан жағдайда заңды болып табылады.

Комиссия мүшелерінің көпшілігі дауыс берген кандидат оң пікір алады.


Конкурстық комиссияның жасырын дауыс беру арқылы қабылдаған шешімі осы ережелерге сәйкес қабылданған жағдайда түпкілікті болып табылады.

Жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия әрбір үміткерге еңбек шартын жасауға «ОҚМА» АҚ ректорына ұсынылған» немесе «ОҚМА» АҚ ректорына ұсынылмаған» деген тұжырымдамалармен ұсыныстар дайындайды.

Хатшы конкурсқа қатысушыларды конкурстық комиссияның шешімімен таныстырады.

Еңбек шартын жасасу конкурстық комиссия отырыстары аяқталғаннан кейін және «ОҚМА» АҚ ректорының шешімінен кейін, бірақ 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнының ПОҚ және ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына орналасуға арналған конкурстың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес еңбек шарты жасалады.

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/461-2020
Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже	Бас №1 15 беттің 11 беті

#### **4.13 Кафедраларды ұйымдастыру, біріктіру немесе бөлу кезіндегі конкурстық мәселелерді шешу**

Бұрын осы лауазымға орналасуға конкурстан өткен ПОҚ үшін кафедраларды ұйымдастыру, біріктіру немесе бөлу кезінде конкурстық ауыстыру мерзімі сақталады.

#### **4.14 Апелляциялық тәртіп**

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен конкурстық комиссияның шешіміне шағымдануға құқылы:

- «ОҚМА» АҚ ректоры конкурстық комиссияның шешіміне келін түскен шағымды қарайды және осы Ереже бұзылған жағдайда тиісті шешім шығарады;

- «ОҚМА» АҚ ректорының шешімі конкурстық комиссияның отырысында қаралады. Бұл отырыста конкурстық комиссия ертерек қабылданған шешімді жояды немесе өзгертусіз қалдырады. Конкурстық комиссия қабылданған шешіммен «ОҚМА» АҚ ректорын және шағым берген конкурсқа қатысушыны шешім шыққан күннен бастап бес күн ішінде таныстырады;

- конкурстық комиссияның бұрын қабылдаған шешімі жойылған жағдайда, комиссия отырысының рәсімі қайтадан сол кандидаттар мен үміткерлердің қатысуымен жүзеге асырылады.

### **5 ӘКІМШІЛІК-БАСҚАРУ, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ОҚУ-КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛЫН ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**


5.1 Әкімшілік-басқару қызметкерлері, қызмет көрсету және оқу-көмекші персоналы академия ректорының атына өтініш жазу арқылы жұмысқа қабылданады.

Өтініші – ұйымға немесе лауазымды тұлғаға бағытталған қызметкердің сұранысын қамтитын құжат (жұмысқа қабылдау, босату, ауыстыру, демалыс беру және т.б. туралы).

Жазбаша мәлімдеме – бұл лауазымды тұлғаға (әдетте жоғары деңгейдегі) шектелген бағыттағы ақпаратты жеткізуге арналған күнделікті ішкі ресми құжат.

Өтініші жазудың негізгі ережелері. Өтініште мыналар болуы керек:

- а) нақты мекен-жайы,
- б) құжаттың атауы,
- в) негізгі мәтін,
- ғ) өтінімдерді көрсету,
- д) жазылған күні,
- е) қолтаңба,
- ж) келісілген қолтаңбалар.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/461-2020
Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже	Бас №1 15 беттің 12 беті

5.2 Өтініш бермес бұрын, өтініштің төменгі жағында тиісті визалармен рәсімделетін, осы қызметкерді қабылдауға мүдделі барлық құрылымдық бөлімдердің басшыларымен келісу қажет. Барлық келісімдерді жинағаннан кейін өтініш ректордың атына қол қоюға жіберіледі. Ректордың қолы қойылғаннан кейін еңбек шарты жасалады.

Еңбек шартын алдын-ала өтініш бермей-ақ жасауға жол беріледі.

Еңбек шартын жасау үшін келесі құжаттар қажет:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе Қазақстан Республикасы азаматының паспорты (он алты жасқа толмағандар үшін туу туралы куәлік);

2) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін);

3) еңбек шартын жасау кезінде, тұратын жұмысқа тиісті білімі, біліктілігі мен дағдыларын айқындайтын, білімі мен біліктілігі туралы, арнайы білімі немесе кәсіптік даярлығы туралы құжат;

4) еңбек қызметін растайтын құжат (жұмыс өтілі бар адамдар үшін);

5) алдын-ала медициналық тексеруден өткендігі туралы құжат (Қазақстан Республикасының Еңбек Кодксіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес осындай тексеруден өтуге міндетті адамдар үшін);

6) қылмыстық құқық бұзушылық жасау туралы ақпараттың бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама.


5.3 Еңбек шарты жазбаша түрде кемінде екі данада жасалып, тараптар қол қояды. Еңбек шартының бір данасы бірдей заңды күші бар қызметкер мен жұмыс берушіде сақталады. Қызметкердің еңбек шартының көшірмесін алуы жазбаша түрде расталады.

5.4 Еңбек шартына өзгерістер мен толықтыруларды, оның ішінде басқа жұмысқа ауысқан кезде, тараптар қосымша келісім түрінде жазбаша түрде жүзеге асырады.

5.5 Жұмысқа қабылдау жасалған еңбек шарты негізінде жұмыс берушінің актісімен (бұйрығымен) ресімделеді. Жұмыс беруші үш күн ішінде қызметкерді жұмысқа қабылдау туралы бұйрықпен таныстыруға міндетті. Бұйрықпен танысу қызметкердің қолымен куәландырылады. Қызметкердің қалауы бойынша жұмыс беруші оған бұйрықтың тиісті түрде куәландырылған көшірмесін беруге міндетті. Жұмысқа қабылдау кезінде жұмыс беруші қызметкерді ұйымдағы ішкі еңбек ережелерімен, жұмыс берушінің қызметкердің жұмысына (еңбек функциясына) байланысты актілермен таныстыруға, қызметкерді еңбекті қорғау қызметіне еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқаушыға жіберуге міндетті.

5.6 Қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат келесілердің кез-келгеі болуы мүмкін:

1) еңбек кітапшасы;

ONTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 044/461-2020
Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже	Бас №1 15 беттің 13 беті

2) жұмыс берушінің еңбек шарты (оны тоқтату күні мен негіздері туралы белгісімен);

3) еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актілерінен үзінділер;

4) жұмыс берушінің мөрімен расталған (бар болса) қызметтік жазба (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізімі);

5) қызметкердің еңбек қызметі туралы ақпаратты қамтитын мұрағаттық анықтама (қажет болған жағдайда).

5.7 Еңбек шартын жасасу кезінде қызметкердің біліктілігінің тапсырылған жұмысқа сәйкестігін тексеру мақсатында еңбек шартында сынақ мерзімі туралы шарт белгіленуі мүмкін. Сынақ мерзімі еңбек шартында көрсетілген жұмыс басталған күннен басталады.

5.8 Сынақ мерзімі қызметкердің еңбек отіліне қосылады және үш айдан аспауы керек. Ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарлары, бас есепшілері мен олардың орынбасарлары үшін сынақ мерзімі алты айға дейін ұзартылуы мүмкін.

5.9 Сынақ мерзімі қызметкер жұмыста іс жүзінде болмаған кезеңге тоқтатыла тұрады.

5.10 Сынақ мерзімінде жұмыс теріс нәтиже көрсеткен жағдайда, қызметкер еңбек шартын бұзуға негіз болған себептерді көрсете отырып, оны жазбаша түрде ескерте отырып, онымен еңбек шартын бұзуға құқылы.

5.11 Егер сынақ мерзімі өтін кетсе және жұмыс беруші еңбек шартын бұзу туралы хабарламаса, қызметкер сынақ мерзімінен өтті деп саналады.

5.12 Жұмысқа қабылдау кезінде сынақ мерзімі келесілерге қойылмайды:

- тиісті лауазымға орналасуға конкурсқа қатысуға отініш білдірген адамдарға;

- мүгедектерге.

5.12 Еңбек шарты тараптар қол қойған күннен немесе онда көрсетілген күннен басталады.

5.14 Жұмысқа нақты жіберу тараптар еңбек шартын жасағаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

## **6 БАСҚА (ҚОСЫМША, ТОЛЫҚТЫРАТЫН, БАСҚА) ЕРЕЖЕЛЕР**

6.1 Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, төтенше жағдайлар кезінде, сонымен қатар әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы жағдайларда:

- қызметкерлер үшін – қашықтан жұмыс істеуге көшу;

- ПОҚ үшін – қашықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, қашықтан оқыту форматы түріндегі қашықтан жұмыс істеуге көшу.

QNTÚSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже	Е 044/461-2020 Бас №1 15 беттің 14 беті

6.2 Жұмыс берушіде сақталған жеке деректердің қорғалуын қамтамасыз ету. Қызметкердің жеке деректерін жинау, өңдеу және қорғау Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.



Кадрлық қызмет бөлімі

Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Ереже

Е 044/461-2020

Бас №1

15 беттің 15 беті

**Өңдеген:**

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г.Л.	28.10.2020	

**Тексерген:**

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	28.10.2020	
Мониторинг және сапа менеджменті жүйесі секторының меңгерушісі	Ержанов Н.А.	29.10.2020	

**Келісілген:**

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Бірінші проректор	Есиркепов М.М.	29.10.2020	
Қаржы және шаруашылық қызметі жөніндегі проректор	Сейтжанова Ж.С.	29.10.2020	